

Орман М.М., Омаров Т.К.

КАЗАК БААТЫР ЭПОСУНДАГЫ ҮЙЛӨНҮҮ
ЫРЫМ-ЖЫРЫМДАРДЫ СҮРӨТТӨӨ ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ

Орман М.М., Омаров Т.К.

ОСОБЕННОСТИ ИЗОБРАЖЕНИЯ СВАДЕБНЫХ ОБРЯДОВ
В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ

M. Orman, T. Omarov

PECULIARITIES OF WEDDING CEREMONIES
DEPICTION IN KAZAKH HEROIC EPICS

УДК: 392.5/39 (512-103)/82.821 (574.04)

Макалада баатырдык эпостун үйлөнүү ырым-жырымдары сүрөттөлгөн өзгөчөлүктөрү талкууланат. Эпосто алардын сүрөттөрү төмөнкү максаттарда колдонулат: келечектеги баатырдын өзгөчө образын белгилөө (бул өзгөчө окуя деп угуучуну ынандырууга жана жөнөкөй адам эмес, төрөлгөн экенин далилдөө); эпостун негизги мотиви катары (колукту жөнүндө сүйлөшүү; колуктусу менен салгылашуу, күйөөлөрү менен болгон күрөш же мелдеш); баатырдын кийинки аракеттери үчүн шарттарды түзүүчү элемент катары; сюжетти өнүктүрүүчү окуя катары (үйлөнүү той, үйлөнүү ырым-жырымдар). Үйлөнүү сүрөттөлүшү романтикалуу дастандар жана жомоктор менен салыштырмалуу анализ аркылуу жүргүзүлөт. Баатырдык эпостордо, анын жанрдык шимдеринин өзгөчөлүктөрү ачылган. Макалада ошондой эле тартуу үрп-адаттарын жана «сүйиши» жөнүндө сөз болот. Каада-салт комплексин билдирген Үйлөнүү салттары, эпостун жанрдык өзгөчөлүктөрүнө байланыштуу талданат.

Негизги сөздөр: баатырдык эпос, үйлөнүү салттары, көркөм образ, кырдаалдык эпизод, жанрдык өзгөчөлүктөрү, чеберчилик.

В статье рассматриваются особенности изображения свадебных обрядов героического эпоса. Их изображения в эпосе используются для следующих целей: выделить особый образ будущего героя (убедить слушателя в том, что это необычный случай, и доказать, что родился не простой человек); в качестве ключевых мотивов эпоса (сообщение о невесте; состязание с невестой; борьба или соревнование между мужьями); как элемент, создающий условия для дальнейшего действия героя; как эпизод, развивающий сюжет (свадьба, свадебные обряды). Описание свадьбы анализируются в сравнении с романтическими дастанами и сказками. Раскрываются особенности его жанровой деятельности в героических эпосах. В статье также упоминаются обычаи одаривания и «сүйиши». Свадебные традиции, представляющие собой комплекс церемониальных обычаев, анализируются в связи с жанровыми особенностями эпоса.

Ключевые слова: героический эпос, свадебные традиции, художественный образ, ситуационный эпизод, жанровые особенности, обычаи одаривания.

In the article the peculiarities of the wedding ceremonies depiction the heroic epics is examined. Its depiction in the epics used for the following purposes: to highlight a special character of the future hero (to convince the listener that this is an unusual case, and to prove that not an ordinary person was born); as the key motives of the epics (message about the bride; competition with the bride; fight or competition between husbands); as an element creating conditions for the further action of the hero; as an episode developing a plot (wedding, wedding ceremonies). The

description of the wedding is analyzed in comparison with the romance dastans and fairy tales. The features of its genre activity in heroic epics are revealed. In the article are also the customs of gifting and «suyinshi» mentioned. Wedding traditions which is a complex of ceremonial customs, are analyzed in relation with the genre features of the epic.

Key words: heroic epic, wedding traditions, artistic image, situational episode, genre features, gifting customs.

Қазақ фольклорының көп қырлы жанры – қаһармандық эпостарының зерттелуі біршама орныққан деуге болады. Бұл жанрға қатысты анағұрлым күрделі деген мәселелер әртүрлі ғылыми-зерттеу еңбектеріне арқау болып, теориялық тұрғыдан тиянақталған. Қаһармандық эпостардағы халықтың тұрмыс-салтының бейнелену ерекшеліктерін зерттеудің маңызды жақсатыр көп. Жырларда кездесетін түрлі тұрмыс-салт көріністерінің атқаратын ролін анықтау жырды көркемдік тұрғыдан талдай зерттеудің көкейкестілігін танытады.

Қаһармандық эпостарының сюжеттік желісінен той және оған қатысты ғұрыптық рәсімдерді кеңінен ұшырастырамыз. Қай халықтың болмасын мәдени өмірін салтанатты мереке, тойсыз елестету мүмкін емес. Олардың жырлардағы өзіндік қызметтік орны да жоқ емес.

Қырық күн ұдай тойым бар,

Әртүрлі қызық ойын бар.

Тамашаға жиылсын

Алты алаштың адамы [1, 69-б.] «Тойдың өзі тұтастай алғанда, ойын сауықтық тұрғыдағы көңілашар шара ғана емес, ол – ғасырлар бойына сандаған ұрпақ санасының сарасынан өткен тарихи мәдени құндылық. Онда ислам дініне дейінгі көне наным – сенімдердің, дәстүрлі дүниетанымының нәрі сіңген, әлденеше қағпарлы рухани құндылықтар қоры бар. Сондықтан да той дегенді тек көңіл көтеру, ойын сауық жасау, жастардың үйлену рәсімін атап өту ғана деп түсінуге болмайды. Әсіресе, дәстүрлі қоғамда бұл аса жоғары мәнге ие, сол дәуірдің бүкіл дүниетанымы мен дәстүрлі әдет - ғұрпына, салт – санасына лайық қалыптасқан күрделі ғұрыптық рәсімдер кешені болып табылады» [2, 119-120-бб.].

Көшпенді түріктер өзінің күнделікті өмірінде табиғатпен анағұрлым жақын болған. Далалықтар-

дың түпкі санасында да мереке өзінің бастапқы мәнінде, яғни адамды табиғатпен біріктіру мағынасында болған. Сондықтан да көне мерекелердің көпшілігі бүкіл әлем бойынша егінді жинап алу, көктемді қарсы алу, туылған күндерді атап өту және т.б. сияқты табиғат тізілімдерімен байланысты болып келеді.

Үйлену тойын да аталған мерекелердің қатарына жатқызуға болады. Себебі ол дүниеге жаңа өмірдің келуіне негіз болады. Эпос дәл осы мерекелерді жырлаған. Әрине ең алдымен ерлік эпостарының негізгі мазмұнын құрайтын соғыстан кейінгі жеңістерге ерекше көңіл бөлгені белгілі. Мерекелердің түрлері (үйлену тойы, нәрестенің дүниеге келуі, соғыс жеңістері) барлық эпикалық жырларда бірдей болып келеді. Аталмыш мерекелер, байқап отырғанымыздай, адам өмірінің ең бір маңызды оқиғаларын қамтиды. Қазақ халқында той - думан ұзақ уақытқа созылған және оған үлкен ұжым қатынасқан. Қазақ тойлары негізінен әнмен өтетін болған. Сондай - ақ, садақпен оқ ату, шабандоздық, бәйге және т.б. сынды ұлттық ойындар ойналған. «Священный ритуал и праздничное состязание – вот две постоянно и повсюду возобновляющиеся формы, внутри которых культура вырастает как игра и в игре» [3, 86-б.].

Батырлар жырының қайсібірін алмасақ та, халықтың той жасау дәстүрін ұшырастырамыз. Тойдың болуы батырлық жырдан басқа фольклорлық шығармаларда да кездеседі. Және олардың көрінуінің әр жанрдағы өзгешелігі бар. Қаһармандық эпостардың сюжеттік құрылымының кейбір кезеңдерінен той суреттерін көреміз. Батыр дүниеге келгенде той жасалады, батыр елін, жерін жаудан азат еткенде той жасалады. Кейде батыр үйленгенде той жасалып, батыр жауды жеңіп келгенде де тойдың жасалуына куә боламыз.

«Алпамыс батырда» баласы жоқ Байбөрінің туысы Құлтайдың қара күннен туған баласын көңіліне медеу санап:

Балаға таңсық болып жүрген байғұс,

Үйіне алып келіп қылды тойды [4, 153-б.] - дейді. Ал өзінің баласы туғанда:

Қуанып, байғұс кеуілі,

Болғай деп ұзақ өмірі,

Анаған берді бір атты,

Мынаған берді бір атты.

Арт жағы қызық той болып,

Сойғызды тоқсан құр атты [4, 163-б.] - деп әбден балаға зар болған ата ананың балалы болғандағы қуаныштары осылайша жеткізуді мақсат еткендігін көреміз. «Шора батырда» батырдың дүниеге келгенде жасалған той суреті тіпті керемет жырланған.

Бесікке салып баласын,

Енді Нәрік той қылды.

Бір мереке қылмаққа

Байдың көңілі ой қылды.

Бір дегеннен қазанға

Он шақты ойдырды.

Қабыменен мейіздің

Аузын ашып қойдырды...

Қырық үйді жасатты

Алты қанат ордаға

Асыл кілем төсетіп

Ішіне саба орнатып,

Жоғарығы елді шақыртып,

Мың жылқы сойды семізден.

Төменгі елге сойғаны –

Тоқсан түйе болғаны.

Зыяпат қылып келгенге,

Қайтарды Нәрік олжасын.

Байлықпенен Нәрікбай

Көрсетеді өнерді...

Жан - жаққа адам шаптырып,

Шақырды тойға көп елді.

Мінілмеген асаудан

Сойғызды алпыс дөненді.

Нәрікбайдың дәулеті

Мас қылды тойға келгенді.

Кемпірлер қыздай қызарып,

Шалдар да айтты өлеңді.

Көрмеді ешкім бұл тойда

«Тоймай қайттық» дегенді [5, 232-б.].

«Тойдың жыр басындағы қызметі негізінен сюжеттік ситуацияға әлеуметтік астар ретінде алынуында жаңа туған балаға ат қою, көпшіліктің батасын алу т.б. [6, 202-б.].

Дегенмен жыр экспозициясындағы тойды жыр идеясына орай болашақ батырдың образын даралаудың бір әдісі деп бағаласа да болғандай. Одан қалса, ұзақ зарығып, айлап, жылдап әулиелі жерлерді табандары тозғанша аралап, құдыретке сыйынудың нәтижесінде дүниеге келген баланың туылу қуанышына той жасалып, той болғанда да, естен кетпестей көл - көсір тойдың жасалуы түсінікті де. Яғни, ерекше атап өтерлік жағдай екеніне тыңдаушыны сендіріп, дүниеге жай адамның келмегенін дәлелдей түсудің бір амалы сияқты. Ал жыр соңындағы тойдың көрінуі төмендегідей болып келеді:

«Парпарияда» батырдың еліне оралғандығы, той жасалғандығы айтылып, жыр аяқталады.

Тоғыз күн ұдайы тойын қып,

Он екі күн ұдайы ойын қып,

Кеткен анау жесір - ді,

Ел - жұртымен қосылды [7, 68-б.]. Мұнда батырлар ерлігінің тоймен аяқталуы көрінеді.

«...тұтастай алғанда, қаһармандық эпостағы той көрінісі әлеуметтік ортадан, елдің бейбіт тіршілігінен тыңдаушыға мағлұмат беретін жыр экспозициясы мен аяқталуының негізгі типтік белгісі» [6, 205-б.] деген Ш. Ыбыраев.

Жырларда батырды іс - әрекетке бағыттайтын жағдай болып, «сюжеттік инвариант» бойынша бірінші сюжеттегі «қалыңдық туралы хабар, қалыңдықпен сынға түсу. Белдесу (немесе күйеулер арасындағы бәсеке)» [6, 247-б.] - деген жырдағы шешуші мотивтердің аяғында да той суреттеледі: Гүлбаршынның елін жау қолынан азат етіп «онда Алпамыс батыр қалмақтарды көндіріп; келмегенін келтіріп, атасы Сарыбайды сол елге хан сайлады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын ғып, Гүлбаршынды өзі алды» [4, 181-б.]. Бұл жерде де той қуанышты жағдайға байланысты жасалып отыр.

Сонымен қатар той тек жырдың басында және аяғында немесе ортасында қуанышты оқиғаны сипаттау үшін ғана суреттелмей, кейбір жағдайларда жырдың ішінде қызметтік мәнге ие болып жатады. Бірақ онда бүкіл халық жиналған, шат-шадыман той жайы айтылмай, қажеттілікке орай жағдай туғызушы элемент түрінде көрініп, қысқа ғана баяндалады да қояды. Мысалы:

«Едіге» жырында Тоқтамыс хан асыл тұқымды Қуқанат құсының жұмыртқасын қалмақтың ханы Сәтемірге бергендігі үшін Құттықияның басын алады. Содан кейін оны түп тамырымен құртпақ болып, ұл болса да, қыз болса да алып кеп беріңдер деп Құттықияның аяғы ауыр әйелі босанғанша екі қарауылға аңдытып қояды. Айы - күні жетіп Құттықияның әйелі толғатып бала тапқанда көршісінің үйінде той болып жатқан еді. Әйел той болған үйдің буаз қаншығынан туған күшікке баласын айырбастатып, бір адамнан Жылқыбайдың есігінің алдына апарып таста деп баласын беріп жібереді. Байқап отырсақ, баланы туа салысымен ұрлап алу тапсырылған екі қарауылдың ойын той бөледі де, бала, яғни, жырдың негізгі кейіпкері, болашақ батыр Едіге аман қалады. Бұл сюжетті дамытуға зор үлес қосқан эпизод.

Тағы да осы жырда Едігені өлтірмек болып, қандай қақпан құрарды ойлаған Тоқтамыс адамдар жинап, кеңес құрады. Сонда Жанбай би: «Жиырма үй тіктіріп, үлкен той қыл, сонда Едігеге табақ тарттыр және Едіге табақ тартқанда, сол үйдегі кісілердің бәрі де Едігеге асатсын, қымыз бергенде, қымыздың сарқытын Едігеге ішкізсін. Сосын ең шеттегі үйге Сыпыра жырауды қой, Сыпыра жырауға барғанда «Мен сені танымаймын. Қай баласың?» - деп, Сыпыра жырау сұрасын Едігеден. Едіге ер болса, қорықпай, ата - бабасын айтар. Қорықса, айтпас. Қорықпай айтса, өлтіру керек. Қорқып, жасырса, өлтірмесе де, еш нәрсе ете қоймас. Және сол үйдің есігінің екі жағына екі адам қою керек, екеуіне екі пышақ беріп. Олар Едіге есіктен шығам дегенде, ішін жарып өлтірсін», - деді. Тоқтамыс хан Жанбай бидің бұл сөзін «мақұл» деді, жиырма үй тігіп, той жасады».

Бұл жерде Едігені өлтірудің амалын көреміз. Оның той жасау арқылы, тойдың жөн-жоралғыларын

пайдаланып іске асырудың жоспарланғанын көреміз. Яғни, жырдың осы жерінде тойдың қызметі пайдаланылады [7, 77-б., 85-б.].

Қаһармандық эпостардағы той суреттері баланың тууы, оның үйленуі, елін жау құрығынан азат ету т.б. жағдайларда, яғни қуанышты оқиғаларға байланысты, ал кейде жоғарыда талдағанымыздай жырдың сюжет аралық байланысында қажетті қызметте көрініп жатады. Тойдың батырлық жырларда шығарманың тұтастай өріліміне себепші бола алмайтындығын Ш. Ыбыраев айтқан. Той батырлық жырда ғашықтық жырлардағыдай сипатта көрінбейді. Ш. Ыбыраев «Айман - Шолпандағы» «тойда пайда болған тартыстың өрбіп, әлеуметтік сипат алуын, бұл эпостың батырлық жырлардан жанрлық белгісінің мүлде басқаша екендігін айғақтайтынын» дәлелдейді. Сөйтіп, «қазақтың қаһармандық жырындағы тойдың жеке ситуациялық қана мәні бар» екендігіне көз жеткізеді [6, 203-б.].

Ертегілерде де той аз айтылмайды. Онда батырлық жырдағыдай шығарманың басында, ортасында, аяғында кездесіп жатады. Батырлық ертегілердегі тойдың мазмұны қаһармандық эпостағы тойға ұқсас болып келеді. Мысалы, батырдың үйленуіне байланысты қалыңдыққа таңдау қойғанда жасалатын тойдағы орындалатын сауық түрлері бірдей болып келеді. «Көкжан батыр» ертегісінде айдаһардың тапсырмасын орындау мақсатындағы жолында бір байдың қызын күйеуге беру үшін бәйгі тігіп, жасаған тойына кез келеді. Байдың қызын ұзату тойы үшін ұйымдастырған күш сынасуға Көкжан батыр да қатысып, жарысқа түседі. Тойдың ережесі бойынша алтын қабақты атып түсіріп, өгізді жығып, байдың қызын алады да, қасындағы бір жолдасына сыйға береді. Ары қарай осы осы жағдай тағы да екі рет қайталанып, олжа қыздарын қалған екі жолдасына табыстайды. Осылайша бірнеше күн жол жүрегнен кейін жанындағы жолдастары Көкжаннан бөлініп қалады. Енді ол жалғыз өзі бір ауылға келсе, той болып жатыр екен. Осы тойда байдың шартын түгел орындап, Қызын алады деп айтылады [8, 39-б.].

Мұнда Көкжанның жасалып жатқан тойға бір емес төрт рет кезіккендігіне куә боламыз. Мұны «Біз ертегілерде сүйіп қолданылатын тәсілдің эпизодтардың үш рет қайталануы шығарманың ғибраттылығын арттыру үшін қолданылған» [9, 234-б.] - деген ертегілердің мағыналық және құрылымдық дамуын Литва халықтары ертегілерінің негізінде зерттеген Б.Кербелитенің тұжырымы бойынша бағаласақ болады. Яғни, маңызы бар оқиғалардың үш рет қайталануы ертегілердің басты ерекшелігі деп қабылдай отырып, мұны ертегіге тән бір жағдайдың үш рет қайталануына балауға болады. Ал батырлық жырлардан мұндай жағдайды кездестірмейміз.

Әрине, ертегілерде де той жағдай туғызушы қызметте де көрініп жатады. Бірақ қалай болғанда да батырлық жырда қандай да бір оқиға суреттелмесін шындықтай қабылдауға итермелеп, шынайылығымен көзге түсетіндігін білеміз. «Сюжет «героического сватовство и женитьба героя», наблюдаемый нами в эпосах, представляет собой, по всей видимости, констанцию и поэтическое оформление, некогда существовавших в реальной жизни тюркских и других народов, этнографических обычаев» [10, 402-б.]

Бұл мақалада тойдың бейнелену ерекшеліктері қаһармандық эпостың жанрымен байланыста қарастырылды. Олардың жырдағы көрінісі келесідей мақсаттарда қолданылады: болашақ батырдың образын даралау (ерекше атап өтерлік жағдай екеніне тыңдаушыны сендіріп, дүниеге жай адамның келмегенін дәлелдеу үшін); жырдағы шешуші мотивтердің құрамында (қалыңдық туралы хабар, қалыңдықпен сынға түсу, белдесу немесе күйеулер арасындағы бәсеке); батырды іс - әрекетке бастауға жағдай туғызушы элемент түрінде; сюжетті дамытушы эпизод ретінде (той жасау, тойдағы атқарылатын жөн-жоралғылар).

Тойдың суреттелуі ғашықтық жырлар және ертегілермен салыстырмалы түрде талданады.

Әдебиеттер:

1. Батырлар жыры. 2- ом. – Алматы: Жазушы, 2006. - 280 б.
2. Кенжехан Ісләмжанұлы (Матыжанов) Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 332 бет.
3. Иохан Хейзинга. Homo Ludens (человек играющий). Москва, 2001. - Вильнюс, 1991. - С. 234
4. Батырлар жыры. 1-том. - Алматы: Жазушы, 2006. - 256 б.
5. Қыдырәлі Саттаров (құраст.). Рухани мұра. 3 - том Қаратаудың арқалы сері жырауы Болатбек Ердеуітұлы. - Алматы: Жазушы, 2007. - 496 б.
6. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. - Алматы: Ғылым, 1993. - 296 б.
7. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Астана: «Фолиант», 2008. Т.50 : Батырлар жыры. - 2008. - 464 б.
8. Қазақ ертегілері. - Алматы: Жазушы. - Т.2: Батырлық, тапқырлық жайлы ертегілер. - 2000. - 272 б. 26. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1 - том. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. - 812 б.
9. Кербелите Б. Историческое развитие структур и семантики сказок. - Москва, 1989.
10. Әзібаева Б.У., Қазақ эпосының сюжеттері - Сюжеты казахского эпоса: монография. / Әзібаева Б.У. - Алматы: «Service Press», 2014. - 576 б. - Қазақша, орысша.